


Бромды метилмен фумигациялау



- Бромды метилді алғаш рет 1884 жылы Перкинсон деген кісі синтездеген.
- Ол қамба зиянкестеріне қарсы күресу үшін фумигант ретінде 1932 жылы Францияда, кейін Калифорнияда ұсынылған.



- Бромды метил иіссіз, түссіз газ.
- Қайнау температурасы $3,6^{\circ}\text{C}$ - $4,5^{\circ}\text{C}$
- Газ тәрізді бромды метил ауадан 3есе ауыр.
- Суда ерігіштігі онша емес. Ол спиртте, эфирде, бензолда, бензинде, дихлорэтанда, майларда жақсы ериді.
- Сұйық күйінде түссіз, сәл сарылау.




Бромды метил – ауадан гөрі салмақты газ, сондықтан астық үймелеріне және сіңіргіш материалдарға жақсы енеді. Бромды метил өсәмдәк тектес заттармен химиялық әрекеттесуі мүмкін.

Бөлмелерді желдеткен кезде оның қалдықтары өңделген өнімдерден тез ұшып, тек олардың бетінде байланысқан анорганикалық бромидтер күйінде қалады.



Бромды метил организмдердің нерв жүйесіне әсер етеді. Олардың зиянды насекомдар мен кенелерге уыттылығы сульфогидрилді топтары бар ферменттермен әрекеттескенде метилдеу қабілетімен байланыстырады. Осының нәтижесінде тотығу-тотықсыздану үрдістері мен көмірсу алмасуы бұзылады.

НЕРВНАЯ СИСТЕМА НАСЕКОМЫХ



Бромды метил уыттылығы өте жоғары болғандықтан онымен жұмыс істеуге тек арнайы дайындықтан өткен жұмысшылар ғана жеке қорғаныш бұйымдарын қолдана отырып жіберіледі.



Бромды метил мынадай қорғау шараларында қолданылады:

- ❖ Дезинфекциялау үшін 1м³ 20-25г мөлшерде бос астық қоймаларын және астық өңдеу өндіріс орындарын фумигациялау үшін;
- ❖ Дератизациялау үшін 1м³ 2г мөлшерде тағамдық және жемдік астық, жарма, ұн сақталған қоймаларды фумигациялау үшін;
- ❖ Қойма астық зиянкестерін жою үшін 1м³ 20-100г мөлшерде азықтық астықты, бұршақ тұқымдас өсімдіктердің тұқымын, ұнды, жарманы және жемді фумигациялау үшін;
- ❖ Кемеде ауыл шаруашылық өнімдердің құрамынан табылған карантин және елде жоқ зиянкестерді жою мақсатында 1м³ 20-100г мөлшерде кеме трюмдарын фумигациялау үшін;
- ❖ Жылыжай топырағын зарарсыздандыруға және тұқымдық материалды фумигациялауға да пайдаланылады.